

Н. Даркулов<sup>1\*</sup> , А. Кариев<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Қырғыз-Түрік Манас Университеті, Бішкек, Қырғызстан

\*e-mail: nur\_talas@mail.ru

## СЫР СҮЛЕЙЛЕРІ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЭСХАТОЛОГИЯЛЫҚ САРЫНДАР

Бұл мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген Сыр сүлейлерінің поэзиясындағы эсхатологиялық тақырыптардың діни, танымдық және көркемдік аспектілері жан-жақты қарастырылады. Эсхатология ислам теологиясында өлімнен кейінгі өмір, қиямет күні, қайта тірілу және адамның өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілігі туралы ілім ретінде маңызды орын алады және қоғамдағы рухани дағдарыс кезеңдерінде әсіресе өзекті. Бұл зерттеудің мақсаты – Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Қарасақал Ерімбет, Базар Жырау Оңдасынұлы және Нұртуған Кенжеғұлұлының шығармаларындағы эсхатологиялық мотивтердің мазмұнын талдау, сондай-ақ олардың Құран аяттары мен хадис мәтіндерімен мазмұндық және құрылымдық сәйкестігін анықтау. Зерттеуде мәтіндік талдау, салыстырмалы теологиялық әдістер, діни дискурс талдауы және герменевтикалық әдістер қолданылады. Поэтикалық мәтіндердегі әлемнің ақырының негізгі ерекшеліктері, өлімнен кейінгі жаза мен марапат идеялары, қайта тірілу ислам сенімімен салыстырылып қарастырылды. Сыр сүлейлерінің шығармалары ислам сенімінің негіздеріне толық сәйкес келетіні және олардың эсхатологиялық реңктері қоғамды моральдық-этикалық тәрбиелеуге, Құдай мен қоғам алдындағы жауапкершілікті күшейтуге бағытталғаны анықталды. Сонымен қатар зерттеу Сыр сүлейлерінің мұрасын тек әдеби ғана емес, сонымен қатар діни және идеологиялық дереккөз ретінде де қарастыруға болатынын көрсетті.

**Түйін сөздер:** Сыр сүлейлері, эсхатология, қиямет, ислам дүниетанымы, қазақ поэзиясы

N. Darkulov<sup>1\*</sup>, A. Kariev<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Kyrgyz-Turkish Manas University, Bishkek, Kyrgyzstan

\*e-mail: nur\_talas@mail.ru

### Eschatology issues in poetry of Syrdarian poets

This article comprehensively examines religious, cognitive, and artistic aspects of eschatological themes in poetry of Syrdariya poets who lived in the second half of the XIX and early XX centuries. Eschatology occupies important place in Islamic theology as doctrine of the afterlife, Day of Judgment, resurrection, and human responsibility for one's actions, and is crucial during spiritual crisis in society. The purpose of this study is to analyze content of eschatological motifs in the works of Turmagambet Iztileuly, Karasakal Erimbet, Bazar Zhyrau Ondasyuly, and Nurtugan Kenzhegululy, to determine their substantive and structural consistency with Quran and hadith. The study utilizes textual analysis, comparative theological methods, religious discourse analysis, and hermeneutic methods. The key features of the Judgement day in poetic texts, concept of punishment and reward in the afterlife, resurrection were examined in comparison with the Islamic doctrine. It was revealed works of Syrdariya poets fully correspond to principles of Islamic, and their eschatological motifs pursue moral and ethical education of society, strengthening responsibility to God and society. Furthermore, it demonstrated the legacy of Syrdariya poets can be viewed not only as literary but also as religious and ideological source.

**Keywords:** Day of Judgment, faith, Syr Darya poets, Eschatology, poetry

Н. Даркулов<sup>1\*</sup>, А. Кариев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Кыргызско-Турецкий университет Манас, Бишкек, Кыргызстан

\*e-mail: nur\_talas@mail.ru

### Вопросы эсхатологии в поэзии сырдарийских поэтов

В статье всесторонне рассматриваются религиозно-познавательные и художественные особенности эсхатологической темы в творчестве сырдарийских поэтов, живших во второй половине XIX и начале XX веков. Эсхатология занимает важное место в исламской теологии как уче-

ние о загробной жизни, Судном дне, воскресении и ответственности человека за свои деяния, и особенно актуальна в периоды духовного кризиса в обществе. Цель исследования – анализ содержания эсхатологических мотивов в произведениях Турмагамбета Изтилеулы, Карасакал Эримбета, Базар Жырау Ондасынулы, Нуртугана Кенжегулулы, а также определение их содержательной и структурной согласованности со стихами Корана и текстами хадисов. В исследовании использованы текстологический анализ, сравнительно-теологические методы, анализ религиозного дискурса и герменевтические методы. Основные признаки конца света в поэтических текстах, идеи наказания и награды в загробной жизни, а также воскрешения были изучены в сравнении с исламским символом веры. В результате было установлено, что произведения сырдарийских поэтов полностью соответствуют основам исламской веры, а их эсхатологические обертоны направлены на нравственно-этическое воспитание общества, укрепление ответственности перед Богом и обществом. Кроме того, исследование показало, что наследие сырдарийских поэтов можно рассматривать не только как литературный, но и как религиозный и мировоззренческий источник.

**Ключевые слова:** Судный день, вера, Сырдарийские поэты, эсхатология, поэзия

## Кіріспе

Қазақ халқының тарихи дүниетанымы мен рухани құндылықтарын зерттеуде поэзия маңызды дереккөздердің бірі болып саналады. Ауыз әдебиеті мен жазба поэзияда қоғамдық сана, моральдық ұстанымдар және діни түсініктер көрініс табады. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде діни-ағартушылық бағыт айқын байқалады.

Сыр сүлейлері ақындарының көпшілігі медреселерде білім алып, молдалардан сауат ашқан, ислам қағидаларын терең меңгерген, дінді берік ұстанған тұлғалар болды. Олар поэзияны діни-моральдық, рухани тәрбие құралы ретінде қолданды. Сыр шайырларының өлеңдерінде адам өмірінің мәні, ар-ұят, жауапкершілік, қиямет мәселелері секілді исламдық тәжірибелер тұрақты түрде көтеріліп отырды. Олар басқару, әкімшілік жүйенің түгел өзгеруі, қоғамның рухани құлдырауы, тағы басқа да қайшылықты құбылыстарды өлең-жырларында тақырып ретінде көтеріп, көкейкесті мәселелерді ислами тұрғыдан бағамдады. Ақындар шығармаларында қоғамдық өзгерістер моральдық құндылықтардың әлсіреуімен байланыстырылып, ол құбылыс діни категориялар арқылы түсіндірілді.

Қазақ әдебиеттану саласында Сыр бойы ақындарының шығармашылығы көбіне әдеби-көркемдік және тарихи-фольклорлық қырынан зерттеліп келеді. Алайда осындай бай әдеби мұрамыздың ислам діни құндылықтарымен тамырласқан, әсіресе эсхатологиялық дүниетанымның Құран мен хадис мәтіндерімен астасқан қырлары кешенді түрде талданбай, ұзақ уақыт назардан тыс қалып келді. Бұған кеңестік кезеңдегі дінге деген теріс көзқарас әсер етіп, исламды насихаттаған Сыр сүлейлері ақындарының мұ-

раларын «ескі», «зиянды», «керітарпа» деп бағалау – олардың шығармаларын терең зерттеуге тосқауыл болды.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – Сыр сүлейлері поэзиясындағы ақырет, қиямет және қайта тірілу тақырыптарының мазмұнын және олардың әлеуметтік-моральдық қызметін анықтау.

Сыр бойы ақындарының шығармашылығын зерттеген ғылыми еңбектерді бірнеше бағытқа бөлуге болады. Ғ.Тұяқбаев пен Ө.Күмісбаев зерттеулерінде шайырлардың тарихи-қоғамдық, тарихи-философиялық және әдеби-стильдік қыры қарастырылса, Ә.Қоңыратбаев пен Б.Кәрібозұлы жыраулық дәстүр мен поэтикалық ерекшеліктеріне назар аударады. Ү.Байбосынова мен С.Дәрібаев еңбектерінде олардың шығармаларындағы исламдық теологиялық негіздегі моральдық қағидалар қарастырылады. Ал Ф.Жұмажанова мен Ү.Жанбершиева өз зерттеулерінде идеялық-тәрбиелік сипаттарына зерттеу жүргізген.

Дегенмен біз көрсеткен зерттеулерде ақындар шығармаларындағы ақырет тақырыбы мен исламдық дереккөздер арасындағы мазмұндық сәйкестік арнайы жүйелі талдау нысаны ретінде қарастырылмаған.

Бұл мақалада Сыр сүлейлерінің өлеңдері алғаш болып эсхатология ұғымы аясында дінтанулық-мәтіндік тұрғыдан қарастырылады.

## Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ поэзиясының үлгілері, Құран мен хадис мәтіндері, сондай-ақ дінтанулық, исламтанулық, филологиялық, философия-

лық және мәдениеттанулық еңбектер зерттеудің негізіне алынды. Сыр ақындары поэзиясындағы мұсылмандық көзқарастарды жүйелі түрде талдау, оларды нақты мысалдар арқылы ислам діні құндылықтарымен сабақтастыра қарастыру, сондай-ақ Құран және хадис мәтіндерімен үндестіктерін көрсету мақсаты қойылды. Сыр бойы ақындарының шығармашылығына зер салсақ олардың адамгершілік пен имандылық, ар мен жан тазалығына ерекше назар аударғанын байқаймыз. Діни, философиялық ой түйіндеулер Сыр бойы ақындары шығармашылығының негізгі өзегіне айналды. Құран аяттары, хадис секілді түпнұсқа мәтіндерден алынған тәрбиелік мәні зор мысалдарды, философиялық ойды жеткізудің құралы ретінде пайдаланды. Исламды насихаттау мен дәріптеуге бағытталған эпикалық шығармалар жазу арқылы, халықты ислам дүниесінің шынайылығы мен имандылыққа тәрбиелеудегі мәнін түсіндіруге ұмтылды (Тулбаева et al, 2024).

Осыған дейін қазақ поэзиясындағы ислам дінінің көріністерін дінтанушылық тұрғыдан саралаған еңбектер аз. Біздің осы жұмысымызда Сыр сүлейлері ақындарының ислами дүниетанымы мен ақидаға негізделген сенімдері алғаш рет арнайы талдаудың өзегіне айналып отыр. Жұмыста поэзиядағы эсхатологиялық сарындар Құран, хадис түпнұсқа мәтіндер негізінде айшықталды. Себебі Сыр сүлейлері поэзиясы қазақ әдебиетінде бағыт ретінде көп сөз болғанымен, негізінен әдебиеттанушылар тарапынан әдеби, тақырыптық, мазмұндық, көркемдік, поэтикалық тұрғыдан талданған. Қазақ әдебиеті халқымыздың ұстанған дінін, ислами болмысын танып-білуде аса құнды деректік қайнаркөз болып қала береді. Ислам сынды күрделі құбылысты әртүрлі дереккөздер, тың материалдарға жүгіне отырып, кеңірек ауқымда талдау әдістемесін жетілдіре түсу – уақыт талабы. Қазақ мұсылманшылығын жан-жақты, байыпты, мұқият зерттеу өзекті мәселелердің санатына кіреді.

Мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттер қойылады:

1. Сыр бойы ақындарының шығармаларындағы эсхатологиялық мәтіндерді анықтау;
2. Исламдағы қиямет тақырыбына қатысты өлеңдерді Құран мен хадис мәтіндерімен салыстыру;
3. Поэзиядағы эсхатологияның тәрбиелік және әлеуметтік қызметін айқындау;
4. Ақындардың діни дүниетаным ерекшеліктерін сипаттау;

## Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеуде кешенді әдіснамалық тәсіл қолданылды. Сыр сүлейлері поэзиясындағы эсхатологиялық ұғымдардың мазмұнын анықтау мақсатында бірнеше талдау әдістері жүйелі түрде пайдаланылды.

Алдымен герменевтикалық талдау әдісі арқылы өлең мәтіндерінің мағыналық қабаттары қарастырылды, яғни қиямет, ақырет, қайта тірілу, махшар, сират, мизан ұғымдарының поэтикалық контекстегі мағынасы интерпретацияланды. Мәтіндік талдау барысында поэзиялық шығармалардағы діни терминдер, символдар және тұрақты бейнелер іріктеліп, олардың қолданылу жиілігі мен мазмұндық қызметі анықталды.

Салыстырмалы-дінтанулық әдіс арқылы ақындардың өлеңдерінде кездесетін эсхатологиялық түсініктер Құран аяттары мен хадис мәтіндеріндегі мазмұнмен салыстырылып, мазмұндық сәйкестік пен айырмашылықтар айқындалды. Сонымен қатар діни дискурс-талдау поэзиялық мәтінде эсхатологиялық мотивтердің моральдық-нормативтік қызметін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу дереккөздері ретінде Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Қарасақал Ерімбет, Базар жырау Оңдасынұлы және Нұртуған Кенжеғұлұлының жарияланған өлең-толғаулары, Құран мәтіні мен хадис жинақтары, сондай-ақ тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектер пайдаланылды.

Зерттеу Сыр ақындарының шығармаларында кездесетін эсхатологиялық мазмұнмен шектелді және барлық поэзиялық мұраны толық қамтуды мақсат етпейді. Талдау нысаны ретінде қиямет, қайта тірілу, махшар, сират және мизан ұғымдары көрініс тапқан мәтіндік үзінділер алынды.

Қолданылған әдістер кешені Сыр сүлейлері поэзиясындағы эсхатологиялық тақырыптың көркемдік және дүниетанымдық қызметін анықтауға мүмкіндік береді.

## Зерттеу нәтижелері және талқылама

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде діни сарындар мен ислам туралы тақырыптар аз жазылған жоқ. Соның ішінде Сыр сүлейлерінің еңбектерінде діни мотивтер көптеп кездеседі. Біздің зерттеу нысанымыз болып отырған эсхатологиялық сарын Сыр ақындарының өлеңдерінде екі түрлі ыңғайда: «Дүниенің, адам өмірінің баянсыздығы», деп топшылау, екіншісі «А қырзаман мен ақырет-

ке сену арқылы адам баласы тепе-теңдікті сақтай алады», – деп түйінделеді. Осылайша адам жүрегінен өшіп бара жатқан Исламның негізгі доктринасы, ақыретке сенімді адамдардың санасында жауапкершілікті ояту мақсатында, «Осы дүниеде қалай өмір сүрсең де, ақыретте Алла ешбір нәрсені назардан тыс қалдырмайды», – деп тұжырымдаса, кейін «Қияметте соның есебін бересің», – деп ой салу арқылы адам бойында имандылық сезімді ояту көзделеді.

Эсхатология Ибраһимдік діндердің сенім платформасына кіреді. Оны сенім тұрғысында мойындамау имандағы кемшілік ретінде қарастырады. АҚШ, Фолкнер университетінің оқытушысы Джеймс Эндрюдің «Даналыққа жеткен ақыл мен азат етілген мұра» атты мақаласында: «Ақылы даналыққа жеткен адам Құдайдың заңына қайшы келетін нәрселерден бас тартуға тиіс. Өйткені Құдайдың ақиқатына сенген адам, Оның бейнесінде қайта жаралған сияқты болады. Ақиқаттан алыс, надандар мен даналыққа жеткен ақыл иелерінің айырмашылығы, ақиқатпен қауышқандығында. Олар Құдай риза болатын заңдылықпен жүріп, ізгілікті өмір сүруге қабілетті», – деп жазады (Kingsley, 2024, 3 б.).

Сыр сүлейлері қиямет күнінің болатынына сену парыз екеніне тоқталады. Бұл сенімнің құрамдас бөліктері, – ол қиямет күніндегі құбылыстарға сенім дегенді білдіреді. Өлімге, сондай-ақ есеп-қисапқа, қабір азабы мен қабір рахатына, сүр үрленуіне, қабірлерден адамдардың қайта тірілуіне, қиямет күнінің қорқынышына, сондай-ақ адамдардың махшарда жиналуына, адамдардың амал дәптерлеріне, таразы құрылатынына, сират көпіріне, Кәусар бұлағына, шапағат жасау және сол секілді бақыт, қуаныш сезімдерінің ең жоғарғы дәрежесі Алланың дидарын көру мүмкіндігі берілетін жаннаттағы рахатқа, Аллаға иман келтірмегендердің көрер қиындығы ауыр болатын тозақ азабына сену. Сыр сүлейлері поэзиясындағы ұлы құндылық, Ислам дініндегі бес парыздың алғашқысы және аса маңыздысы ол – Иман. Ақырет ақиқатына сенім мәселесі кемел адам болуға жетелеп, Жаратушы алдында жауапкершілікті оята алатын сипатқа ие болғандықтан, Сыр бойы ақындары поэзияны дінді насихаттау және тәрбиелік, ағартушылық құрал ретінде қолдануды мақсат еткенін көреміз.

Ресей Ислам институтының теология кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Седанкина Т.Е. өзінің: «Оқу үрдісіне діни аксиология негіздерін ен-

гізу, шешу жолдары» атты мақаласында, «Кез келген қоғам моральдық құндылықтарды дінсіз елестете алмайды. Дін – адамдардың қоршаған ортадағы шынайылықты және өздерін танып білудің ерекше жолы, бүкіл адамзаттың рухани эволюциясының тармағы ретінде қарастырылады. Дінде көптеген ұрпақтардың өмір тәжірибесінен өткен даналықтар жинақталған. Дін тек адамның Құдаймен қарым-қатынасын айқындап қана қоймай, адамдардың өзара қатынастарын да белгілі деңгейде реттейді. Протестант философы Ф. Шлейермахер осыған байланысты: «Тарих дінді өзінің алғашқы тәрбиешісі ретінде алғыс айтумен еске алуы тиіс», – деп атап көрсетті. Оның пайымдауынша, адам рухының ең жоғарғы көріністері адамның абсолютке, яғни Құдайға ұмтылысының нәтижесі ретінде қалыптасқан», – деп жазады (Седанкина, 2013, 261 б.).

Жоғарыда атап өткеніміздей, Эсхатология – Ибраһимдік діндерде де бар түсінік. Теологиялық теорияларда, ақырет белгілері тарихтың әр түрлі кезеңдерінде көрініс табатыны белгілі. Мұндай эсхатология феномені адам баласы рухани деградацияға тап болып адами құндылықтар құлдырап, жана үрдістер пайда болған дағдарыстар кезінде күшейеді. Ф.Н.Петров осындай қоғамда эсхатологиялық күйдің туындайтынына тоқталып, бұл тақырыпты зерттеудің өзекті екендігін атап өтеді (Петров, 2001).

«Эсхатология» термині грек тілінен туындағанын көреміз. Ол «дүниенің, адам өмірінің баянсыздығы туралы, ақырзаман мен ақырет дүниесі туралы діни ілім» деген мағына береді (Turner, 2016, 15 б.).

В.Соловьев, Н.Бердяев, С.Булгаков сияқты тағы басқа орыс дін философтары діни танымның, түйсіктің мәңгілігі және олардың моральдық құндылықтарға деген қажеттілігін өз зерттеулерінде баса көрсетті. Н.Бердяев «Адамзат табиғатынан діни болмыспен жаратылған, сонымен қатар адам кеудесі дін, сенім қажеттіліктерінде бос болуы мүмкін емес. Тек адамгершілік қасиеттерден болған принциптер мен ұстанымдар, адамның өзіндік идеясын, дүниетанымын, көзқарасын қалыптастырады», – деп жазды (Бердяев, 2018, 9 б.).

*Қияметтің үлкен белгілеріне қатысты Сыр сүлейлерінің толғамдары*

Ислам діні – қазақ әдебиетін тақырыптық, мазмұндық, идеялық және сюжеттік жағынан құнарландырып, байытқан құбылыс. Орта ғасырлардағы сопылық бағыттағы ақындардың

шығармаларында көрініс тауып, Сыр сүлейлері поэзиясында жалғасып, қайта жаңғырған эсхатологиялық сарынның қайнар көздері ислами дүниетанымнан нәрленеді.

Сыр сүлейлері ақындарының шығармаларын зерттегенде сол бір тарихи кезеңде халқымыздың тағдырындағы сындарлы сәттері, рухани құлдырау шағын бастан кешіргені байқалады. Адамгершілік қасиеттерден ажырап, рухани баланс бұзылып, ұлттық құндылықтар жоғала бастаған сын шақта сол заманның ойшылдары үнсіз, бейтарап қала алмады. Қазақ қоғамын дендей бастаған жөнсіздік пен ахлақсыздықты тыюдың, адами қасиеттерді сақтап қалудың жолдарын іздегенде, адамзатты қараңғылықтан шығаратын, бағдарсыз адасудан құтқаратын жалғыз жол – дін мен имандылық екендігіне толық сенген. Сол себептерден «Ақыретке сену» идеясы қайта туындап, жаңғырғанын байқауға болады. Ибн Рушд эсхатологияны пенденің дүниеден өткеннен кейінгі ақыреттегі өмірі туралы ұғыммен байланыстырады. Ол күні әрбір пенде өзінің ақыреттегі тағдырын шешетін Алланың әділетті сотына кезігеді. Ол ақырет өмірінің мәнін ұғынып, ол күнге дайын болу үшін логика мен білімді дамытудың маңызын атап көрсетеді. Ибн Рушд ақырет күніне сену пенденің парасатты өмір сүруіне бағыт беретін моральдық және этикалық негіз деп санайды. Ал әл-Ғазали: «Ақырет өмірі шындық және осы дүние тіршілігінде үлкен мәнге ие», – дей келе, қиямет күніндегі Алланың сотына әзірлену және ақырет өмірінде жақсы нәтижеге жету үшін рухани әрі моральдық тұрғыдан әзірлік жасаудың қажеттілігін ерекше атап өтеді (Abbas et al, 2023, 186 б.). Сыр сүлейлері де ұлтты рухани дағдарыстан сақтау үшін, эсхатологиялық тақырыптың маңызын көре білді. Осылайша, Ислам ақидасындағы пайғамбар арқылы адамзатқа мәлім болған қиямет күнінің болатындығын, осы дүниедегі іс-әрекеттердің есебі берілетіндігін, сынақ өмірдің сұрауы болатынын еске салып, Құдай, қоғам алдындағы жауапкершілік сезімін оятуды көздеді.

Тұрмағамбет Ізтілеу адам баласының осы дүниеде жасаған жақсы, жаман істерінің барлығы қиямет күні алдынан шығатын жазады:

Дүние жүзі дөңгелек,  
Орады әркім еккенін.  
Жаққан – отқа жылынар,  
Қазған орға жығылар,  
Алдыңнан шығар жігіттер  
(Ізтілеуұлы, 2007б, 75 б.).

Оның осы өлең жолдарынан құран мен хадисте баяндалған ақыретке илану сарыны анық көрінеді. Құран кәрімде: «Сол күні адамдар өз амалдарын көру үшін топ болып шығады. Кімде кім тозаңның салмағындай жақсылық жасаған болса, соны өз көзімен көретін болады. Ал кімде кім тозаңның салмағындай жамандық жасаса, оны да өз көзімен көреді», – деген (Оңғар, 2022, 984 б.).

Пайғамбардың хадистерінде қиямет күнінің белгісі ретінде бүкіләлемдік анархияның, түрлі табиғи апаттардың, адам ақылы жетпейтін ғажайып құбылыстардың белең алуы сипатталады. Бұл құбылыстар адам үшін ескерту ретінде, қателігін жөндеп, ақиқатқа келуіне мүмкіндік деп пайымдалады.

Қиямет күнінің үлкен белгілеріне қатысты Қарасақал Ерімбет былай дейді:

Сонан соң тажал аят шығып зұлым,  
Болады дүние жүзі зұлматтай,  
Ауама, ақымақтардың ізін аңдып,  
Алады айламенен атпай шаппай  
(Қарасақал, 2009, 69 б.).

Пайғамбар хадисінде: «Адамдар ашаршылыққа ұшырап, өліммен тайталасып жатады. Сол кезде фитналар, көтерілістер, төңкерістер көп болып адамдар бір-бірлерін өлтіреді. Мұның ақыры жер бетіндегі ірі апаттарға ұласады. Міне осындай қиын-қыстау кезде Исфаканнан Яһудилер ауылы деп аталатын жерден малғұн Тажал қашырға ұқсас, құйрығы кесілген бір есекке мініп шығады», – деген (Сейтбеков, 2021, 328 б.).

Қарасақал Ерімбеттің өлеңіндегі «Тажал» дегеніміз, Құран мен хадис мәтіндерінде кездесетін өтірікші, алдампаз персонаж. Оған адамзат тарихында ең үлкен өтірікші болғандықтан осындай атау берілген. Ол діни дереккөздерде «Мәсих Дажжал» деп те аталады. Ибн Әсир оның «Мәсих» деп аталуы көзінің сипалып, жабылып қалғандығынан, ал, «Тажал» деп аталуы, оның жалғаншы болғандығынан деген (Қадыров et al, 2013). Ерімбет ақынның осындай ойлары ислам философиясы контекстіндегі эсхатология туралы білімге құнды үлес қосты. Тұрмағамбет өзінің өлеңінде Тажалдың күшін әлсіретіп, онымен күресу мақсатында, жер бетінде әділдікті орнату үшін Мадидің келетінін айтады:

«Мәди шығып, жолығышқай,  
Мұсылмандар басын қосқай,  
Тажал бірлән ұрыс қылғай», – дейді  
(Ізтілеуұлы, 2007б, 21 б.).

Мұхаммед пайғамбар хадисінде: «Мәди – ашық маңдайлы бүркіт мұрынды. Жер беті өзінен бұрын зұлымдыққа қалай толған болса, солай әділдікке толтырады. Жеті жыл билік жүргізеді», – деген (Қадыров, Спатай, Аман, 2013, 125 б.). Смайыл Сейтбековтың «Иман негіздері» атты еңбегінде, «Хазіреті Иса көктен түскен кезде, имам Мәди жамағатқа таң намазының парызын оқытпақ болып тұрады. Хазіреті Иса имам Мәдидің артында тұрып намаз оқитындығы хадисте айтылады. Демек имам Мәди Хазреті Исадан бұрын шағады және ол онымен бірге Тажалды өлтіреді» деп жазады (Сейтбеков, 2021, 281 б.).

Қарасақал Ерімбеттің өлеңінде, хадис мәтінінде келген, Мәдиге жәрдемдесу үшін Исаның жерге түсетінін айтып, оның келуімен жер бетінде әділдік орнап, зұлымдықтың жойылатыны көрініс табады:

Сонан соң бір жақсылық болса керек,  
Аспаннан Иса түсіп, жеті қатты-ай.  
Барлығы әлгілердің қарап ойлап,  
Сайрандап етер әркім саяхатты-ай  
Бозторғай қой үстіне жұмыртқалап,  
Хан тұрады қырық жыл бойы қылапатта -ай  
(Қарасақал, 2009, 69 б.).

Тажал келіп жер бетінде бүлік шығарғаннан кейін, Құдай өзінің жарлығымен көктен Исаны Дамаскі қаласындағы ақ мұнараның маңайына әкеледі. Иса жер бетіне келген кезде адамдар Дамаскі қаласында қамалдар тұрғызып, Тажал мен көпшілігі яхудилерден құралған үлкен әскерге қарсы соғысуға сақадай сай тұрады. Хадисте Пайғамбар: «Сонда Алла Мариямұлы Исаны Үрба ибн Масғұдқа ұқсас бейнеде жібереді. Ол келіп Тажалды іздеп жүріп көзін жояды. Осы жеңістен кейін жеті жылға тең адамдар бір-бірімен жауласуды қояды», – деген (Muhammad, 2023, 60 б.).

Қарасал ақынның месиандық тұлға Исаның келуімен жер бетінде әділдік орнап бейбіт заманның келетіні, Хан тағында қырық жыл тұратындығы Пайғамбар хадисіндегі мазмұнмен үндестік табады. Хадисте: «Ол шошқаны жояды, салықты алып тастайды, халықты исламға шақырады. Жер жүзінде тыныштық орнайды, арыстан түйемен, барс сиырмен, қасқыр ешкімен бірге жайылады, балалар жыланмен ойнайды, ол оны шақпайды. Иса қырық жыл өмір сүріп, дүние салады, мұсылмандар оның жаназасын оқиды», – деп жазған (Muhammad, 2023, 62 б.).

Иса пайғамбардың жер бетіне түсетіні туралы Христиан дінінің де қасиетті жазбаларында кездеседі. Испаниядағы Понтификтік Комильяс университетінің оқытушысы қызмет Габино Урибарри Бильбао, «Эсхатология және евхарист. Эсхатологиялық қасиетті рәсімге арналған ескертпелер» атты мақаласында: «Құдай билігі өзінің абсолютті патшалығы орнауына Иса Мәсіхтің – тірі адамдар мен өлі адамдарды сотқа тартуға толық құдіретімен келетін Адам Ұлының – парусиясы, яғни қайта жер бетіне оралуы арқылы жетеді. Сол кезеңде әлемдік тарихтың жабылуы мен соңы болады. Құдайдың билігі абсолютті әрі шексіз қалыпта жүзеге асатын болады. Осы кезде Құдай билігінің араласуы мен шексіз мүмкіндігі толық көрініс табады, алғашқы келу, ілгерілеуден де асып түсетін ақиқатқа айналады», – деп жазады (Uribarri, 2018, 57 б.).

Ақырзаман орнауынан алдын Исаның жерге түсуі Иудаизмнің теологиялық доктринасына да тән. Иудаизмді ұстанатын яхудилер бір Құдайға сенеді, сол себепті де Мұсаны Ұлы пайғамбарлардың бірі ретінде мойындайды және соңында жер бетіне Мәсіхтің келуін күтеді. Олардың үш қасиетті кітаптары Тора, Талмут және Танахта да күтілетін құтқарушыға қатысты, «Исраилді қайта құру тек ақырзаманда Мәсіхтің келуі арқылы ғана жүзеге асады», – деп жазылған (Muhammad, 2023, 57 б.).

Сыр сұлейлері поэзиясындағы қияметтің үлкен белгілеріне қатысты Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде келген болжамдарымен сабақтасқан тұстарын баяндадық. Негізінде басқа да үлкен белгілері хадистерде жан-жақты айтылады. Бірақ Тұрмағамбет пен Ерімбет ақындардың шығармаларындағы көрініс тапқан тұстарымен ғана шектелдік.

*Сыр сұлейлері поэзиясындағы қайта тірілу кезіндегі құбылыстар*

Ақырет күніне қатысты сенімнің құрамдас бөліктері ретінде, өлімге, сондай-ақ сынауға, қабір азабы мен қабір рахатына, сүр үрленуіне, қабірлерден адамдардың қайта тіріліп, шығуына, қиямет күнінің қорқыныш, үрейіне, сондай-ақ адамдардың махшарда жиналуына, адамдардың амал дәптерлеріне, таразы құрылатынына, сират көпіріне, каусар бұлағына, шапағат жасау және сол секілді бақыт, қуаныш, шаттықтың ең жоғарғы дәрежесі Құдайдың дидарын көру мүмкіндігі берілетін, жаннаттағы рахатқа және Құдайдан алыс болғандардың көрер қиындығы ауыр болатын тозақ азабына сену сияқты тақы-

рыптар Сыр сүлейлері поэзиясында толықтай көрініс тапқан.

Исламдық классикалық еңбектерде «қиямет», яғни күллі жаратылыстың ақыры деп түсіндіріледі. Құдайдың орнатқан заңдылығы нәтижесінде төрт үлкен періштенің бірі Исафил сүрді үрлегенде қиямет басталады. Бұл туралы Алла Құранда: «Сүрді бір рет үрлегенде жер, таулар теңселіп, бір-бірімен соқтығысып, қирағанда, міне сол күні қиямет болады, көк жарылып, осалдық танытады», – деп баяндаған (Ахмет et al, 2015, 685 б.).

Құдай, Та-һа сүресінің 105-106 аяттарында: «Ия, Мұхаммед! Олар сенен таулар туралы сұрайды. Айт: «Раббым оларды (Қиямет күні майдалап құмға айналдырып шаң-тозаң етіп) шашып тастайды. Сонан соң олардың орнын теп-тегіс етіп қалдырады. Онда (жер бетінде) сай-шұңқырды да, дөңес-төбені де көрмейсің», – деп айтқан (Ахмет et al, 2015, 354 б.).

Құран аятында баяндалған қияметтің осы бір үрейлі құбылысты Қарасақал Ерімбет былайша суреттейді:

Жел тұрып жұма күні құбыладан,  
Бір дауыл соғады бетке жан шыдаптай.  
Сүрін ысрапылық тартқанында  
Тас бұршақ, домаланады, тау қаңбақтай.  
Теп тегіс дүниенің болар жүзі  
Төселген, там секілді, бейне тақтай  
(Қарасақал, 2009, 69 б.).

Қарасақалдың осы сөзін Базар жырау әрі қарай сабақтай түседі:

Заманақыр белгісі  
Шаң-топырақ суырып,  
Жердің жүзін құм алар.  
Арнасы кеуіп айдынның,  
Көл тартылып су алар.  
Исафил сүрін соққанда,  
Тау қаңбақтап домалап,  
Тас бұршақтай жұмалар.  
Сол кездері кімге кім,  
Қайырылып мойын бұра алар?  
Алладан ахуал келгенде  
Алды-артына қаратпас,  
Небір наһан гөзелдер  
Аузынан демін бір алар  
(Базар жырау, 2008, 64 б.).

Базар жыраудың осы өлең жолдарындағы «Сүр» дегеніміз, «Дыбыстау, жел берген кезде дауыс шығаратын мүйіз» мағыналарына тура

келеді. Терминдік мағынасы: «Қиямет күні басталар алдын, пенделердің махшар алаңына жиналуы үшін қайта тірілту мақсатында Ысрапыл періште мұржа тәріздес бір аспапты үрлейді. Бұл аспап «Сүр» деп аталынады (Озтүрік, 2011). Сүр үрленуіне қатысты құран аятында да баяндалған: «Сүр үрленген кезде, көкте болсын, жерде болсын, Алла қалағаннан өзге тіршілік иелерінің барлығы жығылады да, құрдымға кетеді. Ал екінші рет үрленген кезде олар жатқан жерлерінен дереу тұра келеді де, (өздеріне берілген өмірді) күтеді», – делінген (Оңғар, 2022, 692 б.).

Сыр сүлейлерінің бұл құбылысты баяндау мақсаты құдайдың шексіз құдіретін көрсету арқылы, барлық жаратылыс, тіпті алып тауларға дейін Тәңірлік күштің алдында дәрменсіз екенін көрсетіп, өз халқын тәубеге шақыру. Бұл өлеңдердегі тақырыптар, Исламдық сенім доктринасымен сабақтаса отырып, адам санасында елеулі әсер қалдырады. Себебі ислам дереккөздеріндегі эсхатология тақырыбы тек ғаламзаттың жойылуы жайындағы хабар емес, ол осы өмірдегі адами құндылықтармен тығыз байланысты.

Адамның жаны мен тәні бөлініп, дүниеден көшкеннен кейін, Құдайдың орнатқан заңына сәйкес, қиямет күні қайта тірілетін уақытқа дейін тұрақтар мекені, қабір болатыны және тіршілікте жасаған әрбір іс-әрекеттерінен сұралатыны туралы хадистерде баяндалған мәселені Базар жырау өлеңінде былай бейнелейді:

Жан кеудеден кеткесін,  
Жайнаған көзің жұмылып,  
Ақша бетің қуарар.  
Қараңғы көрге кіргесін,  
Айтады, өткен тірлікте,  
Ісіңнен сауал сұралар  
(Базар жырау, 2008, 64 б.).

Тұрмағамбет ақын Базар жыраудың сөзін жалғастырып, қабірге қойылған пендені қабір періштелері сұраққа алатынын айтып, қабір әлеміне қатысты деректі кеңейте түседі:

Көзін түздай ойнатып,  
Аузын оттай жайнатып.  
Мүңкір, Нәңкір періште  
Сені көрден оятып,  
Жауап сұраса керекті  
(Ізтілеуұлы, 2007б, 19 б.).

Қабірде сұраққа тартылудан адамның қабірдегі рахаты немесе азабына қатысты жағдайын

анықтау мақсат егіледі. Қабір періштелерінің сұрақтарына мүдірмей жауап бергендердің қабірі жұмақтың бір бөлшегіне айналады десе, керісінше болған жағдайда қабір азабына душар болады. Құран мәтіндерінде: «(Қабірлерінде) оларды ертелі-кеш от шарпиды. Қиямет қайым болған күні: «Перғауынның жауыз тобын азаптың ең ауырына жіберіндер!» делінеді», – деген. Әйгілі мұсылман тәпсіршісі Жалал ад-Дин әс-Суюти өзінің «Тәпсір әл-Жәләләйн» атты еңбегінде осы аятқа қатысты: «Бұл аятта кұнахар пенделердің көретін «қабір азабы» деп аталатын қиындығы жайлы әңгіме болып отыр. Ал бұдан да зор таусылмайтын жазалаулар Қиямет күнінен кейін басталмақ», – деп жазған (Оңғар, 2022, 701 б.).

Тұрмағамбет, дүние тіршілігі адамға берілген мүмкіндік екенін айтып, ажалдың уақыты болжауға келмейтін құбылыс деп пайымдайды. Ол үшін шарифат талаптарына сай өмір сүріп, күнәлі әдеттерден арылып, осы дүниеде адамдық форманы сақтаудың маңызын көрсетеді.

Отырма уайымсыз ажал барда,  
Бойыңда, пенделік қыл мажал барда.  
Дариясы дін исламның ағып жатыр,  
Шомылып кір-қоңыңнан тазар бар да.  
Сақ болып, сайманыңды ал түгендеп,  
Көп сені көмбей тұрып мазарларға  
(Ізтілеуұлы, 2007а, 51 б.).

Осы өлеңіндегі соңғы шумақтарда: «Көп сені көмбей тұрып мазарларға», – деуіндегі адамның жаны тәнінен ажырағаннан кейін тәубенің, ізгілік жасауға құлшыныстың пайдасы болмайтындығын ескертеді. Алла, Құранда: «Ақыр олардың әрбіріне өлім келген сәтте: «Рабым! Мені дүниеге қайтар! Мүмкін мен қалдырған (дүниеде) жақсы амал істермін». Әсте олай емес. Рас, бұл оның бір айтқан бос сөзі. Өйткені, олардың артында қайта тірілетін күнге дейін барзах (өлім мен Қиямет күні арасындағы кезеңнің аты) бар», – дейді (Ахмет et al, 2015, 391 б.).

Тұрмағамбет, қабірдегі құбылыстарды баяндап, ондағы рахат немесе азаптың шешуші факторы болатын сұрақ-жауапқа тартылатын жағдайға тоқталса, Нұртуған ақын әлеуметтік теңдіктің бұзылуын айыптап, кісінің ақысын жеген пенденің құдай алдына баратын күнін ескертеді. Адам құқығына қатысты әділетсіздіктің жазасын эсхатологиялық сарынмен байланыстырады:

Өсімге жүрді бейшара,  
Ақы алмай көбіне.  
Ақыретке барғанда,  
Не деп жауап бересің,  
Бейшараның теріне?  
(Кенжегүлұлы, 2008, 164 б.).

Кез келген діннің негізгі концепциясында адам капиталы, оның құқығы басты орында тұрады. Адам құқығына қол сұғу қатаң айыпталды. Зайырлы сипаттағы заңдарда жауапкершілік осы дүниемен шектелсе, Нұртуған ақыреттегі Алланың сотына қалдырады. Құранда Алла былай дейді: «Бір-біріңнің мал-мүліктеріңді нақақтан-нақақ жемендер. Сондай-ақ, адамдардың малының бір бөлігін (өздеріңе тиесілі болмағанын) негізсіз алу үшін басшыларға пара беруші болмаңдар» (Оңғар, 2022, 59 б.).

Бұл ислам заңының өзгермейтін қағидасы. Кез келген қоғамда әлсіз топтың құқықтары бұзылып жататыны анық. Оның жазасын беру үшін осы дүниенің сотына жүгінеді. Нұртуған ақын ұлы есеп күні болатыны, ол есепте ешнәрсе жасырын қалмайтынына толық сенім артып, Алланың әділетті сотына арқа сүйейді. Құранда: «Сендер қандай жағдайда болсаңдар да, мейлі Құран оқып жат, мейлі басқа іспен шұғылдан, сол сәттердің бәрінде Біз сендерді бақылап тұрамыз. Жерде де, көкте де, зәредей нәрсеге дейін Алланың назарынан тыс қалмайды. Одан кішкентай немесе одан үлкен нәрселердің бәрі ап-айқын бір кітапта жазылған, яғни бәрі де лаухул-махфузда – Алланың ілімінде жазылған», – деген (Ахмет et al, 2015, 234 б.).

Нұртуғанның ойы Ерімбет ақынның өлеңінде қолдау тауып, дүниеде кісі ақысын жеген, адамға қиянат жасаған, ислам дінінің рухани және моральдық принциптерін бұзған адамдардың қияметтегі өкінішін суреттейді.

Арасат майданында тергелеміз,  
Өткен соң бұл опасыз жалғаншыдан.  
Ысырат жаһаннамды көріп қатты,  
Зар жылап, тартар пенде әһінағын  
(Қарасақал, 2009, 76 б.).

Келесі өлең жолдарында:

Махшарда қосылармыз бізде сырттан,  
«Қалғанға қайырын бер» деп дұғадамыз  
(Қарасақал, 2009, 108 б.).

Ерімбет ақынның өлең жолдарындағы «махшар» деген сөз қиямет күні Алланың әділетті соты жүзеге асырылатын, адамдардың дүниедегі жасаған істерінің нәтижесі көрінетін соңғы орын. Исламдық дереккөздерде «махшар» қиямет пен бағыс (қайта тірілу) орнағаннан кейін Хашырға, яғни үлкен жиналатын жерге келу деген мағыналарды қамтиды. Махшар – осы бір үлкен топталуды, және аталмыш топталудың орны мен уақытын білдіретін кең мағыналы сөз. Ислам әдебиеттерінде кейде «арасат» деп те аталады. Ерімбет ақын өз өлеңінде екі нұсқасын да қолданды (Озтүрік, 2011, 239 б.).

Құдай Құран аяттарында: «Аспан мен жер ауыстырылып, жаңартылған сол (қиямет) күні олар күдіреті шексіз жалғыз Алланың құзырына тұрғызылады». Аяттың тәпсірінде Ибн Масғуд былай дейді: «Біздің бүгінгі пайдаланудағы жер басқа жермен ауыстырылады, ол ақ күмістей тап-таза болады. Ол жерде ешқандай да қан төгілмеген және ол жерде ешқандай қылмыс болмаған. Ол күні жаратылыстар моласынан шығып, әділ Қазының алдында тұрады. Денелері жалаңаш және қорғансыз күйде, барлығы бірдей жалғыз Қүдіреттің алдына жинаған жерге келіп тұрады. Бұл жер махшар алаңы» (Оңғар, 2022, 368 б.).

Ерімбет ақын дүниенің құндылығын басқаша пайымдайды. Материалдық жағдайды басты мақсат ретінде көрмейді. Себебі: «дүние баянсыз, тұрақсыз мекен», – деп топшылайды. Бұл ақырет күніне сенімнен туындайтын түсінік:

«Жиырма бес жылқы айдадым өңшең жорға,  
Ей, көңілім көзінді сал оңмен солға.  
Дүниені қызық көріп жинағанмен,  
Қанекей, не бара жатыр біздің қолда», –

деп, дүние мен ақырет әлемінің байланысын көрсетеді (Қарасақал, 2009, 82 б.). Дүниеге құнығып, одан ешқашан айырылмастай көрген адамдарға ой тастайды. Бұл, Ерімбет ақынның діни танымдық, философиялық өлеңдер топтамасындағы негізгі айтар ойы. Дүниенің мәнін түсініп, жаратылу мақсатына қатысты сыни ойлау, оның дұрыс жауабын табу әрбір саналы адамға жүктелген міндет.

Ислам философтары Ибн Рушд пен Әл-Фазали көзқарастарында ақырет әлеміне қатысты мұсылман адамның ойы мен сенімінің маңызды тақырыбына айналғанын көреміз. Екі тұлға да адам баласына осы өмірдің мәні турасында ой жүгіртуге, ақырет тақырыбын терең ұғынуға,

сонымен қатар рухани әрі моральдық тұрғыда дайындық жасауға шақырады. Олардың құнды ойлары Ислам философиясы контекстіндегі эсхатология туралы мәні бар түсініктер беріп, осы тіршіліктегі мүмкіндікті, уақытты ақыретке дайындықтың баспалдағы ретінде қарастырудың маңызын белгілейді. Әл-Фазалидің көзқарасында: «Ақырет өмірі – шексіздікке жалғасатын бақытқа қауышатын мекен. Оған қол жеткізу үшін осы дүниеде игілікті істер жасаудың маңыздылығын ерекше атап өтеді. Оның пікірінше адамның өмір бойы жасаған жақсы істері – ақырет күніндегі бақытқа жетудің азығы болып саналады» (Abbas, Fathurohman, Romadhon, 2023, 188 б.). Ерімбет ақынның да өмір туралы толғамы осы құндылықтың мәнін көрсетеді.

Алланың елшісі: «Мен сендердің көрмейтіндеріңді көремін және естімейтіндеріңді естимін! Аспан қайысты! Оның қайысуға хақысы бар! Соншалықты Алла тағалаға маңдайын сәждеге қойып тұрған періштелердің көптігінен жерде аяқ басатын бос орын қалмайды. Алламен ант етейін! Сендер мен білген нәрсені білгендеріңде еді?! Онда, сөзсіз, аз күліп, көп жылайтын едіңдер, төсекте әйелдермен ләззаттанбайтын едіңдер, жолға шықпайтын едіңдер. Тек қана Алла тағалаға жалбарынар едіңдер!» – деген (Қадыров et al, 2013, 30 б.).

Бұл дүние тіршілігінде адамдар көп мән бере бермейтін моральдық кемшілік – қолмен, тілмен басқаларға зиян шектіру. Адамгершілік нормалармен өлшесе, кінәлі адам, кінәсізден кешірім сұрауға тиісті. Бірақ көп жағдайда тәкаппарлық, өзгені менсінбеушілік әдеті, осы кемшілікті сездірмей, орын алған жағдай түзетілмей сол күйі қала береді. Сыр шайырларының өмір сүрген қоғамы бұл тұрпайылықты жат көрген жоқ. Сол дәуірде өмір сүрген ақындардың шығармаларындағы мазмұнға зер салсақ, басқа бағыттағы саяси құбылыстардың өріс алуы салдарынан қоғам бұзыла бастағанда, олардың реттеуші, тәрбиелеуші, ақиқатты айтушы тұлға ретінде ортаға шығуы уақыт талап еткен қажеттілік екенін көреміз.

Сондықтан Тұрмағамбет қоғамда орын алған кері кету құбылыстарын, мұсылмандардың дінін сату әрекеттерін, адамдық қасиет кеміп, бір-біріне деген қамқорлықтың жойылуын ақыр заманның белгісі ретінде көрді:

«Енді заман ақыр болар,  
Көп мұсылман кәпір болар.  
Дүние – қор, обыр болар,

Пақыр қалып сұрамаққа,  
Асла қамқор табылмас-ты!» – дейді  
(Ізтілеуұлы, 2007б, 15 б.).

Сыр сүлейлері шығармаларында кісінің дүние салып, қабірге қойылған сәтінен бастап, қабір әлеміндегі құбылыстар, қайта тіріліп, махшар алаңына жиылу сәтіне дейінгі орын алатын жағдайларды сараладық. Енді Базар жырау адамдардың жақсылығы мен жамандығын өлшеу үшін таразының құрылатынын баяндайды:

Таңдағы майдан күнінде,  
Құрылса мизан таразы,  
Ажырап сонда адамнан,  
Айырылмақ, дейді, сарасы.  
Сол кезде мәлім болады дейді,  
Бұл жүрген барлық пенденің  
Ағы айырылып, қарасы  
(Базар жырау, 2008, 80 б.).

Әл-Ғазали өзінің «Ихя улум әт-дин» атты еңбегінде, қиямет күнінің болатындығы ақиқат екендігін айтып, оның белгілері мен қиямет күніндегі құбылыстарды атап өтеді. Сонымен қатар қайта тірілу күні адамдардың істері таразыға тартылып, әрбір адам өз ісінің нәтижесіне қарай сый немесе жаза алатынын айтады (Abbas et al, 2023). Құранда Алла Тағала былай дейді: «Сол (қиямет) күнгі таразы хақ. Ізгілік істер ауыр басқандар нағыз бақытты жандар болады. Ал кімдекімнің күнәлары мен жамандықтары көп болып (жақсылық) таразысы жеңіл тартса, шайтанға қызмет етіп, жапа шегушілер, міне, солар». Келесі аятта: «Қиямет күні Біз әділ таразы орнатамыз. Ешбір адам әділетсіздікке ұшырамайды. Құрай дәнінің салмағындай жақсылығы болса да, таразыға саламыз», – деген (Оңғар, 2022, 462 б.).

Базар жыраудың пайымындағы «ажырап сонда адамнан, айырылмақ дейді сарасы» деп отырғаны, адамның осы дүниеде жасаған игі істерінің парқы ажыратылатындығына қатысты ойы. Себебі адамның ықыласпен жасаған игі істері «жақсы амалдардың» қатарына қосылады. Соны өлшеу үшін Алла «мизан» таразысын құрады. Бұл дүниеде таразы материалдық заттардың салмағын анықтау үшін қолданылса Алланың таразысы көзге көрінбейтін амалдарды өлшеп, олардың шынайы құндылығын ашып береді. Дүниеде сыртқы бейнесі бойынша бағаланған амалдар ақыретте шынайылығы мен

ықыласына қарай өлшенеді. Муфти Мухаммед Шафи Құранда амалдардың салмағын өлшеуге болмайды деген қате пікірді жоққа шығарып, Алланың шексіз күдіреті оған жеткілікті екенін айтады. «Қазіргі заманда ауа мен электр сияқты бұрын өлшеуге болмаған нәрселер қазір өлшенеді. Егер адамзат мұны істей алса, Жаратушы адамның амалдарын өлшеп беруге күдіреті жетеді», – деп жазады (Zaabi, 2025, 10 б.).

Құрандағы, «Ол күні таразы әділ болады», деген сөздің контекстіне үңілсек, Адамның дүниедегі жасаған істерінің ақыретте мәңгілік салдары болатынын ұғыну арқылы өмір сүру қағидасына, ниеті мен мақсатына, ықылас тазалығына мән беруге жетелейді. Сол сияқты амалдар санмен ғана емес, құндылық және қоғамға әсері тұрғысынан бағамдалатынын түсінеді. Алланың жазасына қорқу жамандықтан тиып, ізгі өмір сүруге ынталандырады.

Пайғамбар хадисінде «Мизан» атты таразы адамзаттың жақсы-жаманды іс-әрекеттерін өлшеп болған соң, адамдардың барлығы «сират» деген көпірден өтетіндігін баяндаған (Қадыров et al, 2013, 232 б.). Сират көпірі және жоғарыда айтқан күнәлі пенделердің жағдайы туралы Ерiмбет ақын өз шығармаларында, бұл көпірден тек иманы берiк құдайдың құлдары ғана өтiп, күнахарлардың жағдайы қиын болатынын жырына қосады:

Ысырат жаһаннамды көрiп қатты,  
Зар жылап, тартар пенде әһинағын.  
Үстiнен қылыштың тез жүргiзедi,  
Айтады: «Асты от деп алаулаған».  
Құдайға қылған iсi жаққан пенде,  
Жалт етiп жылдам өтедi найзағайдан.  
Өте алмай көпшiлiгi зар жылаған  
(Қарасақал, 2009, 76 б.).

Ерiмбеттiң өлеңiндегi «Сират» көпiрi тозақтың үстiнен құрылған адамдардың жұмақ немесе тозаққа бөлiнер сәтiндегi ең соңғы жүрiп өтетiн жолы. Құран аятында: «Сендердiң ешқайсыларың тозақтан тыс өтiп кетпейсiңдер. Тәңiрлерiңнiң бұлжымас шешiмi осы. Бiрақта Бiз тақуаларды құтқарамыз да, ал залымдар тiзе бүккен күйiнде сол жерде қалады», – деген (Оңғар, 2022, 438 б.).

Қиямет күнiнде болатын құбылыстардың ақиқатына иланған Ерiмбет ақын, құдайдан үмiтi бар иманды адам бейнесiнде, Алладан жалбарына сұрап, мiнажат жырларында былай дейдi:

Ия Алла сүйген құлдың қатарында ет,  
Күйзелтіп көп ішінде зар жылатпай  
(Қарасақал, 2009, 70 б.).

Сыр шайырларының, адамды тәрбиеге шақыруда Құран және хадистегі қасиетті жазбалардың мазмұнын, қазақтың өз түсінігіне салып жеткізген ерекше әсерін көруге болады. Сыр сүлейлері қияметтің осындай қорқынышын айту арқылы өз жұртын рухани кемелдікке, әділдікке, тазалыққа, туралыққа тәрбиелегісі келгендігін байқаймыз. Афифул Ихуан өзінің «Ислам эсхатологиясы, жанның сапары және тұлғалықтың онтологиясы» атты мақаласында: «Адам баласының дүние салуымен басталатын ақыреттегі саналы өмірге сену ислам тантологиясын материалистік нигилизмнен тұтастай ажыратып тұрады және адам тіршілігіндегі өмір салтын ұдайы Құдай алдындағы жауапкершілікке негіздейді», – деп жазды (Ikhwan, 2025, 50 б.).

Ерімбет ақын осындай қиын сәттерде, адамдар шарасыз күйге түсіп, жәрдем берер жан іздегенде, Құдай заңдылығы шеңберіндегі Мұхаммед пайғамбардың шапағат ету мәселесін қозғап, үрейлі жүректерге үміт сәулесін ұялатады:

«Жамандық үмметіме қылма Жаббар,  
деп жылар сауал қойсан Мұстафадан.  
Ар жаққа ақ пайғамбар туын тігіп,  
Айқайлар: үмметім деп дін мүсылман», – дейді  
(Қарасақал, 2009, 77 б.).

Шапағат ету құқығы Мұхаммед пайғамбарға бұйырған мәртебе екенін хадис мәтіндерінен көре аламыз. Мұхаммед өзіне шапағатшылық құқығы берілгенін және Құдайдың Аршысының астына келіп Құдай үйреткен мадақ сөздерімен, Оған мадақ айтып, содан кейін Оған: «Көтер басыңды және өтінішіңді айт, өтінішің орындалады және сөйле, (сен не айтсаң) сөзің қабылданады, және шапағат ет, саған шапағат ету билігі беріледі», – деп айтылады (Хафиз ибн Ахмад, 2005, 189 б.). Осы жерде рационалды түйсікпен қарағанда, шапағат ету үшін, шапағат ететін объектіге қандай да бір байланыстың болуы сұраныс табады.

Ерімбет ақын, төмендегі өлеңінде:  
Күн келіп көктің бергі қабатына,  
Болады жер қызуы жанған шоқтай.  
Тіріде қайыр ясан берушінің,  
Ол қызу еш жеріне тұрады батпай.

Айырлады ұл атадан, қыз анадан,  
Туысқан бір біріне жақын, жаттай.  
Ғисиян тірлікте етушінің,  
Өзгереді формалары хайуанатқа -ай  
(Қарасақал, 2009, 69 б.).

Ақынның бұл өлеңі қияметтің ең шешуші сәтіндегі үрейлі бейнесін суреттейді. Әр адам өз нәтижесі үшін алаңдап, тіпті туыстық жақындық көмекетесе айрмайтындығы баяндалып, Құдай алдында тұрып есеп берудің жауапкершілігі көрініс табуда. Құранда Абаса сүресінде: «Сол күні адам, туған бауырынан қашады және анасы мен әкесінен, әрі әйелі мен балаларынан. Ол күні әрбір адамды әлек ететін өз ісі бар», – дейді (Ахмет et al, 2015, 721 б.). Ал керісінше, тіршілігінде күнөдан сақтанып, құдай заңымен өмір сүргендерге жақсылық болатынын сүйіншілейді. Алла Құранда: «Шынында, мүміндер құтылды. Олар – намаздарында жан-тәнімен беріліп тұратындар. Олар – пайдасыз нәрселерден бет бұратындар. Олар – зекет беретіндер. Олар – ұятты жерлерін сақтайтындар. Олар – аманаттары мен серттерін сақтаушылар. Олар – намаздарын ұқыпты оқушылар. Міне, солар – мұрагерлер. Олар онда мәңгі қалатын Фирдаус жаннатына мұрагер болады», – деген (Қадыров et al, 2013, 274 б.).

Эсхатология тақырыбы кез келген қоғам үшін маңызды болып қала береді. Құран аяттарында ақыретте қайта тірілу перспективасына не себепті аса мән беріледі деген сұрақ туындар болса, оның жауабы мынада: ең бірінші, тіршілік дүниесінде адамнан кемел тұлға бейнесін қалыптастыруға көмектеседі. Екінші, адам ақылы жетпейтін жұмақтың шексіз рахаты мен дозақтың жан шыдамас азабын суреттеу арқылы пендені адамгершілік принципіне ынталандырып, күнәлі істерден сақтандыруға негіз бола алады.

### Қорытынды

Зерттеу жұмысымызды сараптай келе Сыр сүлейлері, соның ішінде Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Қарасақал Ерімбет, Базар жырау Оңдасынұлы, Нұртуған Кенжеғұлұлы сынды ақындардың өлеңдеріндегі эсхатология тақырыбы бойынша үзінділері, Құран және хадис мәтіндеріндегі мазмұнымен толық үндестік тапқанына көзіміз жетті. Олардың өлеңдерінде, исламдық классикалық дереккөздерде баяндалған қияметтің кіші, үлкен белгілері және қайта тірілу кезіндегі құбылыстар толық көрініс таппағынымен, зерттеу

аясына енген өлеңдерінің үзіндісі исламдық мазмұнмен сабақтасқан. Жалпы Сыр сұлейлерінің өмір сүрген кезеңі басқару, әкімшілік жүйенің түгел өзгеруі, ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан өмір-тіршілігі, әдет-ғұрпы, мінез-құлқына дейін өзгеріске ұшырау нәтижесінде қоғамның рухани құлдырауы, тағы басқа да қайшылықты құбылыстардың белең алған шағына тура келді. Міне осы тығырықтан шығудың жолын ислами тұрғыдан бағамдап, қоғамның рухани дертіне емді діни құндылықтардан іздегенін байқаймыз. Сыр сұлейлері құран және хадис секілді мәтіндердегі мазмұнды шебер қолдана отырып, діни білімінің тереңдігін көрсетеді.

Дін адамзатты біріктіруші, тәрбиелеуші, қоғам мен адамзат алдындағы жауапкершілік сезімді реттеуші, сонымен қатар психологиялық тепе-теңдікті сақтауда маңызды күшке ие. Сыр сұлейлері көтерген эсхатология тақырыбы адамзат тіршілігінің ақыры ретінде сипатталып, өлім, адам өмірінің соңы емес екенін түсіндіреді. Осы дүниедегі жасаған барлық істерімізден болған нәтижелер, ақырет күнінде бақытты немесе бақытсыз тағдырымызды шешеді. Ақырет күніне сенім осы дүниеде де психологиялық және моральдық тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі. Бұған сенбеген адам үшін өмірінде көрген қиыншылықтар, түрлі сынақтар шешуші фактор ретінде бағаланып үмітсіздікке әкеледі. Сонымен қатар Алланың қияметтегі соты сияқты құбылыс әсерін жоғалтып, өзгелер алдындағы жауапкершілік, күнадан сақтану, моральдық принциптер сияқты құндылықтар мәнін жоғалтады. Өлімнен кейін өмірдің жалғасатынына сенген адам үшін осы дүниеде жолыққан әрбір қиындықтар, көрген әділетсіздіктер Құдайдың алдында өз шешімін табады деген сенімділік жанына тыныштық әкеледі. Сонымен қатар дүниеде жасаған істерінің есебі сұралатынына иланған адамның бойында жауапкершілік пен адамгершілік қасиеттердің сақталуына негіз болады.

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, адам арасындағы қарым-қатынас мәдениеті, рухани дағдарыс, жастар тәрбиесі секілді деградациялық құбылыстарды реттуде эсхатология тақырыбы өзекті. Себебі эсхатология тақырыбы, Кез келген адамның іс-әрекетін бақылап отыратын және еш-нәрсені жасыруға мүмкіндік бермейтін Жаратушы Құдайдың, абсолютты күштің барын, қиындық пен сынаққа тап болғанда үмітсіздікке бой алдырмауға, әрбір жақсы немесе жаман әрекеттердің сыйы және жазасы болатыны, адам тағдырындағы жақсылық та, жамандық та мәңгілік емес екенін, оның соңы болатыны, нәтижесі Құдай алдында шешілетіні толық түсіндіріледі. Өмірдің болмашы сынағына шыдай алмай суицидке баратын жастардың шешіміне оң ықпал етіп, болашаққа дұрыс бағдар жасауға көмектеседі.

Басқа қырынан қарағанда Сыр сұлейлерінің мұраларын зерттеу дінтанулық тұрғыдан бөлек, қазақ мәдениеті мен ислам дінінің өзара сабақтастығын көрсету тұрғысынан да маңызды мән-ге ие. Қазақ дүниетанымындағы діни мектептерді қайта жаңғырту, ол үшін қазақ әдебиетіндегі діни құндылықтарды терең зерттеп, қоғамның қажетіне ұсыну өзекті мәселелердің бірі. Сонымен қатар Сыр сұлейлерінің шағармаларындағы біз қарастырған тақырып, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы көтерген «дін мен дәстүр» сабақтастығы идеясына өз үлесін қосады. Сондықтан қазақ поэзиясындағы мол рухани мұраларды зерттеу жұмыстары одан әрі жалғасын табуға тиісті.

#### Авторлар үлесі

Дәрікүлов Нұржан Таласұлы: зерттеу, әдістеме, деректерді өңдеу, мақаланың бастапқы нұсқасын жазу, мәтінді редакциялау және толықтыру.

Кариев Айтмамат: Жобаны басқару, бақылау, нәтижелерді тексеру.

#### Әдебиеттер

- Abbas, N., Fathurrohman, M., Romadhon, R. (2023). Eschatology in Islamic Philosophy from the Perspective of Al-Ghazali. *Amorti: Jurnal Studi Islam Interdisipliner*, 2(4), 183–191. <https://doi.org/10.59944/amorti.v2i4.218>
- Cole-Turner, R. (2015). Eschatology and the Technologies of Human Enhancement. *Interpretation*, 70(1), 21–33. <https://doi.org/10.1177/0020964315603683>
- Ikhwan, A. (2025). Islamic Eschatology, the Soul's Journey, and the Ontology of Personhood. *GNOSI: An Interdisciplinary Journal of Human Theory and Praxis*, 8(2), 46–54. <http://www.gnosijournal.com/index.php/gnosi/article/view/294>
- Kingsley, J. A. (2024). Renewed Minds and Redeemed Inheritance: Pauline Eschatology in Eph 4:17–32. *Religions*, 15(12), 1543. <https://doi.org/10.3390/rel15121543>
- Muhammad, S. M. (2023). Religious Eschatology: The Doctrine of the Coming of the Savior In the End Times in the Perspective of Abrahamic Religion. *Abrahamic Religions: Jurnal Studi Agama-Agama*, 3(1), 50–65. <https://doi.org/10.22373/arj.v3i1.15967>

Uribarri, B. G. (2018). Escatologia y eucaristia. Notas Para Una escatologia Sacramental. *Estudios Eclesiasticos. Revista de investigacion e informacion teologica Y canonica*, 80(312), 51–67. <https://revistas.comillas.edu/index.php/estudioseclesiasticos/article/view/9753>

Zaabi, A. (2025). Understanding Psycho-Spiritual Dimensions of Al-Kitab and Al-Mizan in Islamic Eschatology. (2025). *International Journal of Social Studies*, 5(1), 1-13. <https://doi.org/10.55627/ijss.005.01.01264>

Ахмет, А., Андарбай, С., Қыдырәлі, Қ., Амандық, Б., Әбдіғаффар, Қ. (ауд.) (2015). *Құран Кәрім*. Мағыналар және түсіндірмелерінің төпсірінің аудармасы. Дәуір баспасы.

Базар, О. (2008). *Шығармалары*. Өлең-толғаулар, жыр-дастандар. Фолиант баспасы.

Бердяев, Н. (2018). *Философская истина и интеллигентская правда*. Рипол Классик баспасы.

Ізтілеуұлы, Т. (2007а). *Шығармалары*, I том, мінажат, көңіл қос, жоқтау өлеңдері және түрмеде жазылған жырлары. Жазушы баспасы.

Ізтілеуұлы, Т. (2007б). *Шығармалары*, II Том, арнау өлеңдер, толғаулар, тақпақтар, шағын шумақтар, рубаяттар, нақыл сөздер. Жазушы баспасы.

Кенжегүлұлы, Н. (2008). *Шығармалары*. Том I. Фолиант баспасы.

Қадыров, А., Спатай, Қ., Аман, З. (2013). *Ақырет өткелдері*. Кәусар-саяхат баспасы.

Қарасақал, Е. (2009). *Ұлағат сөзім ұрпаққа*. Өлеңдер, айтыстар мен дастандар. Фолиант баспасы.

Озтүрік, Х. (2011). *Дәлел-дәйектерімен Ислам ғылымхалы*. Хикмет баспасы.

Онғар, Е., Мұратәлі, Н. (2022). *Қасиетті құран: Мағынасы мен түсініктемелері*. Муфтият баспасы.

Петров, Ф. Н. (2001). Эсхатология: философско-религиозный анализ (исторический аспект): Автореф. дис.канд. филос. наук: 09.00.13 (Doctoral dissertation). Екатеринбург.

Седанкина, Т. Е. (2013). Внедрение в образовательный процесс основ религиозной аксиологии: пути решения. *Филология и культура*, (1), 260–263.

Сейтбеков, С. (2021). *Иман негіздері*. Муфтият баспасы.

Тулбаева, А., Айтимов, М., Майгельдиева, Ш., Йылдыз, Н. (2024). Сыр өңірі ақындары поэзиясындағы философиялық дидактикалық сарындар мен педагогикалық көзқарастар. *Вестник НАН РК*, 407(1), 324–336. <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.676>

Хафиз ибн Ахмад, Х. (2005). *Ислам ақидасы бойынша 200 сұрақ*. Албаракат баспасы.

## References

Abbas, N., Fathurrohman, M., Romadhon, R. (2023). Eschatology in Islamic Philosophy from the Perspective of Al-Ghazali Amorti: *Jurnal Studi Islam Interdisipliner*, 2(4), 183–191. <https://doi.org/10.59944/amorti.v2i4.218>

Ahmet, A., Andarbai, S., Qydyrali, Q., Amandyq, B., Abdigaffar, Q. (2015). *Quran Karim*. Magynalar zhәне tysindirmelerinin tapsirinin audarmasy [Translation of the meanings and comments of the Holy Qur'an]. Daur Press. (in Kazakh)

Bazar, O. (2008). *Shygarmalary. Olen-tolgaular, zhyr-dastandar* [Works. Poems, lyrical poems, epic songs]. Foliant Press. (in Kazakh)

Berdiaev, N. (2018). *Filosofskaya istina i intelligentskaya pravda* [Philosophical truth and truth of the intelligents]. Ripol Klassik Press. (in Russian)

Cole-Turner, R. (2015). Eschatology and the Technologies of Human Enhancement. *Interpretation*, 70(1), 21-33. <https://doi.org/10.1177/0020964315603683>

Hafiz ibn Ahmad, H. (2005). *Islam aqidasy boynsha 200 surak* [200 Questions in Islamic Aqidah]. Albarakat Press. (in Kazakh)

Ikhwan, A. (2025). Islamic Eschatology, the Soul's Journey, and the Ontology of Personhood. *GNOSI: An Interdisciplinary Journal of Human Theory and Praxis*, 8(2), 46-54. <http://www.gnosijournal.com/index.php/gnosi/article/view/294>

Kenzhegululy, N. (2008). *Shygarmalary*, Tom I [Selected Works, Vol. I]. Foliant Press. (in Kazakh)

Kingsley, J. A. (2024). Renewed Minds and Redeemed Inheritance: Pauline Eschatology in Eph 4:17–32. *Religions*, 15(12), 1543. <https://doi.org/10.3390/rel15121543>

Muhammad, S. M. (2023). Religious Eschatology: The Doctrine of the Coming of the Savior In the End Times in the Perspective of Abrahamic Religion. *Abrahamic Religions: Jurnal Studi Agama-Agama*, 3(1), 50-65. <https://doi.org/10.22373/arj.v3i1.15967>

Ongar, E., Muratali, N. (2022). *Qasietti quran: Magynasy men tusiniktemeleri* [The Noble Qur'an: With Meanings and Interpretations]. Muftiyat Press. (in Kazakh)

Ozturik, H. (2011). *Dölel-däiekterimen Islam gylmhaly* [Fundamentals of Islamic Law with Supporting Evidence]. Hikmet baspa uiy Press. (in Kazakh)

Petrov, F. N. (2001). Ieshatologia: filosofsko-religiozniy analiz (istoricheskij aspekt): Avtoref.dis.kand. filos.nauk [Eschatology: Philosophical-Religious Analysis (Historical Aspect): Abstract of a Dissertation for the Degree of Candidate of Philosophy]. 09.00.13 (Doctoral dissertation). Ekaterinburg. (in Russian)

Qadyrov, A., Spatai, K., Aman, Z. (2013). *Aqyret otkelderi* [Passages of the Hereafter]. Kausar-saiahat Press. (in Kazakh)

Qarasaqal, E. (2009). *Ulagat sozim urpaqqa. Olender, aitystar men dastandar* [My Wise Words to the Next Generation: Poems, Aitys and Epos]. Folinat Press. (in Kazakh)

Sedankina, T. E. (2013). Vnedrenie v obrazovatel'nyi process osnov religioznoi aksiologii: puti resheniia [Introducing the Basics of Religious Axiology into Education: Ways of Implementation]. *Filologiya i kul'tura*, (1), 260-263. (in Russian)

Seitbekov, S. (2021). *Iman negizderi* [Basis of Islamic Faith]. Muftiat Press. (in Kazakh)

Tulebaeva, A., Aitimov, M., Maigeldieva, Sh., Jyldyz, N. (2024). Syr oniri aqyndary poeziasyndagy filosofialyq didaktikalыq saryndar men pedagogikalyq kozqarastar [Philosophical and Didactic Themes and Pedagogical Perspectives in the Poetry of Syrdarian Poets]. *Vestnik NAN RK*, 407(1), 324–336. <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.676> (in Russian)

Uribarri, B. G. (2018). Escatologia y eucaristia. Notas Para Una escatologia Sacramental. *Estudios Eclesiasticos. Revista de investigacion e informacion teologica Y canonica*, 80(312), 51–67. <https://revistas.comillas.edu/index.php/estudioseclesiasticos/article/view/9753>

Zaabi, A. (2025). Understanding Psycho-Spiritual Dimensions of Al-Kitab and Al-Mizan in Islamic Eschatology. (2025). *International Journal of Social Studies*, 5(1), 01-13. <https://doi.org/10.55627/ijss.005.01.01264>

Iztileuuly, T. (2007a). *Shygarmalary*, I tom, minazhat, konil qosh, zhoqtau olenderi zhəne turmede zhazylgan zhyrlary [Collected Works, Volume I: Supplications, Love Confessions, Lamentations, and Poems Written in Prison]. Zhazushy Press. (in Kazakh)

Iztileuuly, T. (2007b). *Shygarmalary*, II Tom, arnau olender, tolgaular, takpaqtar, shagyn shumaktar, rubaiattar, nakyl sozder [Volume II: Poems of Dedication, Laments, Rhymes, Short Poems, Quatrains, and Wise Sayings]. Zhazushy Press. (in Kazakh)

**Авторлар туралы мәлімет:**

Дәріқұлов Нуржан Таласұлы (корреспондент-автор) – Нур-Мубарак Египет ислам мәдениеті университеті ислам ілімдері факультеті дінтану кафедрасының PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: nur\_talas@mail.ru).

Кариев Айтмамат – PhD, Қырғыз-Түрік Манас университеті теология факультетінің аға оқытушысы (Бишкек, Қырғызстан, e-mail: aytmatat.kariyev@manas.edu.kg).

**Information about the authors:**

Darkulov, Nurzhan Talasuly (corresponding author) – PhD student of the Department of Religious Studies of the Faculty of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: nur\_talas@mail.ru).

Kariyev Aytmatat – PhD, Kyrgyz-turkish Manas University Senior Lecturer of Theology Faculty (Bishkek, Kyrgyzstan, e-mail: aytmatat.kariyev@manas.edu.kg).

**Сведения об авторах:**

Даркулов Нуржан Таласович (автор-корреспондент) – PhD-докторант кафедры религиоведения факультета исламских исследований Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: nur\_talas@mail.ru).

Кариев Айтмамат – PhD, старший преподаватель кафедры теологии Кыргызского-Турецкого университета Манас (Бишкек, Кыргызстан, e-mail: aytmatat.kariyev@manas.edu.kg).

2025 жылы 26 сәуірде тіркелді.  
2026 жылы 21 ақпанда қабылданды.